

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

«БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН «Н» МЕН «Ң» ДЫБЫСТАРЫН АЖЫРАТЫП ҮЙРЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ»ЖАРИЯЛАНДЫ
18.07.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/141607/>**«БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН «Н» МЕН «Ң» ДЫБЫСТАРЫН АЖЫРАТЫП ҮЙРЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ»*****Еженгалиева Арайлым Жолдыханқызы***

Бастауыш сынып оқушыларына «Әліппе» пәнін оқытқаннан бастап «Н» мен «Ң» дыбыстарын ажыратып, болашақта орфографиялық қате жібермей 4сөздерді дұрыс қолдана білуге о, бастан үйрету қажет.

«Н» дыбысын айтқанда адамның тілдің ұшы тіске тиіп, «ң» дыбысын айтқанда тіл кері артқа шегінетінін айтып ескерткен абзал. Сонымен қатар дыбыстарды ажыратуға үйретудің ең тиімді тәсілінің бірі *фонетикалық жаттығулар* екенін ұмытпау қажет. Мысалы,

1-жаттығу. Өзіңе таныс «ң» және «н» дыбыстары кездесетін буындар мен сөздерді дұрыс оқы. Аң-өң-дөң-жең-төңкеріс-көңіл-тәңір, ән-сән-тон-түн-жан-қан т.б.

2-жаттығу. Берілген түбірлерден сөз құра.

Сән-сәнді, сәнқой.

Үн-үнтаспа, үндеу.

Жең-жеңіс, жеңіл, жеңімпаз.

Таң-таңертең, таңдану, таңба.

Екінші әдіс. Сөздерді, әріптерді көркем жаздыру.

Үшінші әдіс. Карточкалармен т.б. құрал-жабдықтармен түрлі тапсырмалар орындату.

Төртінші әдіс. «Н мен Ң» дыбыстары кездесетін *жаңылтпаштар* жаттату.

Мысалы, Дүңгіршек пе деп жүгірсек, Дүрбелеңдеп үлгірсек деп жүрсек, Делбеңдеген дүзге жайған үлбіршек екен.

1 сыныпта ғана емес барлық сыныпта кез-келген уақытта оқушылардың әріптерді ажырату дағдыларын қалыптастырып, қателессе үйретіп, түзетіп отыру әрбір мұғалімнің міндеті. Бала дағдыланса ол қаншама практикалық жұмыстардан кейінгі үлкен жеңісі болып саналады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.